

**Үржар ауданы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) туристік жарнасын бекіту туралы**

Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 қазандағы № 6-145/VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 17 қарашада № 151-18 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10- тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу № 33110 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Үржар ауданы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор), хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болатын әр тәулік үшін алынатын туристік жарна айлық есептік көрсеткіштің - 0,2 мөлшерінде белгіленген ставка бекітілсін.

Орналастыру орындарында шетелдік туристер саны өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ұлғайған жағдайда туристік жарнаның мынадай мөлшерлемелері қолданылады:

бес пайызға дейін – 0,2 айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде;

бестен он пайызға дейін – 0,3 айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде;

оннан он бес пайызға дейін – 0,4 айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде;

он бес пайыздан және одан жоғары – 0,5 айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Үржар аудандық мәслихатының төрағасы*

*А. Омаров*